

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің  
«12» қазан 2016 жылғы  
№ 608 бұйрығымен бекітілген

## **Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және Байқау кеңесі мен оның мүшелерінің мәртебесін, құқығын, міндеттерін айқындайды.

2. Өз қызметінде Байқау кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, осы Ережені, мемлекеттік кәсіпорынның Жарғысын, және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Байқау кеңесі Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі - кәсіпорын) Заңмен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша басқару органы болып табылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде құрылады.

4. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болуы және бір бірімен де, мемлекеттік кәсіпорын басшысымен де жақын туыстық қарым-қатынастар мен қасиеттерде тұрмайтын, кемінде бес адам болуы тиіс. Байқау кеңесінің мүшелері, мемлекеттік кәсіпорын басшысынан қоспағанда, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

5. Байқау кеңесінің Төрағасы Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен Байқау кеңесі мүшелерінің қатарынан сайланады.

6. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы Байқау кеңесінің Төрағасы болып сайлануға үміткер бола алмайды.

7. Байқау кеңесінің құрамына:

1) Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) өкілдері;

2) мемлекеттік кәсіпорынның басшысы;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы N«113 бұйрығымен бекітілген Байқау кеңесі мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын

тоқтату ережелеріне сәйкес конкурстық негізде сайланатын тұлғалар кіреді;

4) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары тәуелсіз бақылаушылар ретінде (бұдан әрі - тәуелсіз бақылаушылар).

8. Заңға сәйкес, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны Байқау кеңесінің өкілеттігі үш жыл құрайды.

### **2. Мемлекеттік кәсіпорны Байқау кеңесінің өкілеттігі**

9. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесі шынадай өкілеттіктерге ие:

1) министрлікке мемлекеттік кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын келіседі, мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекітеді;

3) қосымша көздерден, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза пайда жағынан алынған демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қаражаттарды бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджеттік қаражаттарды және қосымша көздерден алынған қаражаттарды мақсатты пайдалануға бақылау жасау үшін мемлекеттік кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамаларымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттарды мақсатты пайдалануға тексеру жүргізу үшін Министрлікке ұсыныстар енгізеді;

5) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады

6) тағайындайды анықтайды, өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін Байқау кеңесі хатшысының, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

7) тиісті саланың Министрлікке шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

9) тиісті саланың Министрлікке шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

10) тиісті саланың Министрлікке шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

11) аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды, қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның көрсеткен қызметіне төлем жасау

мөлшерін анықтайды

10. Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады проректор ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік жоғары оқу орындарының ұсынысы бойынша жоо ректорының

Ведомстволық бағынысты мемлекеттік жоо саласындағы уәкілетті органның білім және ғылым іріктеуді ұйымдастырады, бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді проректорлары, жоо-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы.

11. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі оның жазбаша өтінішінің негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтінішінде бұдан әрі өзінің міндеттерін орындай алмауының себебі көрсетіледі.

12. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған жағдайда байқау кеңесі қайта ұйымдастыру аяқталғанға дейін күнтізбелік жиырма бес күн бұрын өз өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

### **3. Байқау кеңесі мүшесінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру тәртібі**

13. Байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Байқау кеңесінің мүшесі:

1) мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларынан мемлекеттік кәсіпорынға қатысты кез келген ақпаратты (күжаттар, материалдар), егер көрсетілген ақпарат оған Байқау кеңесі мүшесінің қызметтерін жүргізуге қажет болса, талап етуге;

2) өз міндеттемелерін орындағаны үшін заңнамада белгіленген тәртіппен сыйақы алуға және Байқау кеңесі мүшесінің функцияларын өзінің атқаруына байланысты шығыстардың өтемақысын алуға, мемлекеттік қызметші және мемлекеттік кәсіпорын басшысы болып табылатын мүшелерден басқа;

3) Байқау кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібінің мәселесі мен қабылданатын шешімдер бойынша өзінің айрықша пікірін енгізуді талап етуге;

4) Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге құқылы.

14. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің қызметіне ықпал ету мақсатында тәуелсіз бақылаушы:

1) байқау кеңесінің отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысуға;  
2) мемлекеттік кәсіпорын мен мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің қызметі туралы ақпараттарды (құжаттар, материалдар) сұратып алуға;

3) байқау кеңесінің қызметі туралы ұсыныстар енгізуге және мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің қабылдаған шешімдеріне ескертулер жасауға құқылы, бұлар ұсыныстық сипатта жүретін болады.

15. Байқау кеңесінің мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқаруға және мемлекеттік кәсіпорынның мүдделерін барынша жоғары деңгейде көрсететін тәсілдерді пайдалануға;

2) өз құзыреті шегінде іс-қимыл жасауға;

3) Байқау кеңесі мүшесінші қызметінде болған мерзімі ішінде және мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесіндегі жұмысы тоқтаған сәттен бастап 3 (үш) жыл бойына мемлекеттік кәсіпорын туралы құпия ақпараттарды жеке мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне пайдаланбауға және жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ереженің, мемлекеттік кәсіпорынның жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, мемлекеттік кәсіпорын мүддесіне, ақпараттылық, ашықтық негізінде әрекет етуге;

5) Байқау кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтындығы туралы себептерін көрсетіп, Байқау кеңесінің хатшысына алдын ала ескертуге;

6) негізделген шешім қабылдауға, ол үшін қажетті ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) толық көлемде зерттеуге;

7) шешім қабылдаған кезде тәуекелдер мен қолайсыз салдарды бағалап отыруға;

8) өзі мүдделі деп танылуы мүмкін шешімдер қабылдаған кезде мүдделер шиеленісі болуы мүмкін екені туралы мемлекеттік кәсіпорынға дер кезінде мәлімдеуге;

9) өзінің мүдделері мен мемлекеттік кәсіпорын мүдделері арасында шиеленіс туғызуға әкелетін немесе әкелуге әлеуетті бар іс-әрекеттерден тыйылуға;

10) мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке бас мақсаттарына пайдаланбауға міндетті.

16. Байқау кеңесінің қызметі үздіксіз.

1) тиімділігі Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау негізінде анықталады, оның нәтижелері бойынша белгіленеді, оларға тиісті сыйақы мөлшері.

қызметін бағалау және Байқау кеңесі мүшелерінің сәйкес, байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу лимитін

анықтау және байқау кеңесінің мүшелеріне 20 ақпан 2015 жылғы №115 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен бекітілген

2) Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау болып табылады функционалдық міндеттерін орындау;

17. Лауазымды тұлғалар мемлекеттік кәсіпорындар міндетті бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынуға Байқау кеңесінің мүшесіне сұратқан ақпаратын немесе жазбаша дәлелді түсінік себептерін көрсете отырып, ұсыну мүмкін болмаған жағдайда ақпаратты көрсетілген мерзімде.

18. Байқау кеңесінің мүшесіне ақпарат (құжаттардың, материалдардың көшірмелері) беруден бас тартып отырған жағдайда оны негіздеу Байқау кеңесінің отырысына қарауға шығарылуы мүмкін.

19. Байқау кеңесінің хатшысы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның отырыстарын дайындау мен өткізуді, отырысқа материалдар ресімдеуді қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің отырыстар материалдарына қолжетімді болуын қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

20. Байқау кеңесі хатшысының құзыреті мен қызметі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі құжаттарында айқындалады.

21. Байқау кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) алдында жауаптылықта болады Байқау кеңесінің мүшелері, егер байқау кеңесі қабылдаған, кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады

22. Байқау кеңесінің мүшелері, егер байқау кеңесі қабылдаған, кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себеппен дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

23. Байқау кеңесінің Төрағасы болмаған кезде, оның міндеттерін Байқау кеңесінің шешімі бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

24. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

25. Байқау кеңесінің Төрағасы келесі міндеттерді атқарады:

1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, тиімділігін

қамтамасыз етеді;

2) Байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастыруға жауап береді;

3) Байқау кеңесінің отырыстарына шақырады және оларға төрағалық етеді, Байқау кеңесінің отырыстарды өткізу тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді;

4) күн тәртібінің мәселелері бойынша ең тиімді шешімдер дайындауды ұйымд астырады;

5) күн тәртібінің мәселелерін емін-еркін талқылауды қамтамасыз етеді;

6) Байқау кеңесінің мүшелеріне күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдауға қажетті ақпараттарды уақтылы беру үшін барлық қажетті шараларды жасайды;

7) Байқау кеңесінің отырыстарында отырыс хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады, оларға қол қояды, хаттамалардың дұрыс әрі дер кезінде жасалуына жауап береді;

8) Байқау кеңесінің шешімдерін жүзеге асыруға жалпы бақылау жүргізеді;

9) мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғаларымен және басқа органдармен тұрақты байланыс жасап отырады;

10) Байқау кеңесінің жыл ішіндегі қызметіне баға берілген есепті дайындайды.

#### **4. Мемлекеттік кәсіпорынның аудиті**

26. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті

27. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның аудиті байқау кеңесінің, мемлекеттік кәсіпорын басшысының, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) бастамасы бойынша мемлекеттік кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.